

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

13.11.2023 ж

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы хаттамасының
көшірмесі

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде:

«Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасын» мемлекеттік аттестаттау туралы.

Тыңдалды: 2024 жылдың 22-26 қаңтар айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы.


Сөз алды: меңгеруші Ж. Утебаева

Меңгеруші өз сөзінде 2024 жылдың қаңтар айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігін хабарлады. Ұжымды 2023 жылдың 13 қарашасындағы «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасының» бұйрығымен таныстырды. Бөбекжай-балабақшада өзін-өзі бағалау жоспары жасалынып, мерзімі белгіленді. Осы бағытта комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамына әкімшілік және бөбекжай-балабақша педагогтары кірді. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 5-бабының 9-тармағына, 59-баптың 3, 4 тармақтарына және «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарына» тоқталды. Жауапты комиссия мүшелеріне тапсырмалар беріліп, өзін-өзі бағалау құжаттарын 22 желтоқсаннан кешіктірмей тиісті орынға тапсыру қажет екендігін ескертті.

Шешімі:

1. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 09.11.2023 жылғы хатын басшылыққа ала отырып 2024 жылдың 22-26 қаңтар айында «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мемлекеттік аттестаттаудан өткізілсін.
2. Бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау құжаттары 2023 жылдың 19 желтоқсанында педагогикалық кеңесте қаралсын.

Төрайымы:  Ж. Утебаева

Хатшы:  А. Сексенбаева